


Еңбектен тапқан бақытын

Солтүстік Қазақстан облысы Қызыл ту ауданының (қазіргі Уәлиханов ауданы) Ақтүйесай ауылында дүниеге келген Серік Махатов екі жасында анасының құшағында Новосібір облысының Қарасу қаласына кетеді.

– Қай жерде туып-өскенімді кейін ес тоқтатып, етек жапқаннан кейін білдім. Пенде болып өмірге келгеннен кейін кейбіреуі бір жерде тұрақтап, енді біреулері бөтен жердің суын ішіп, ауасын жұтады екен. Тағдыр таразысы қалай басса, солай кетесің,—дейді Серік аға.

Мектеп жасына толғаннан кейін өздері тұрып жатқан Шұбыртай ауылындағы бастауыш мектептің табалдырығын аттайды. Сөйтіп, сол мектепте сегіз жылдық білім алады. Барлық қиындықты анасымен бірге арқалап өскен Серік бір жағынан қосымша жұмыс істей жүріп, бала кезінен армандаған жүргізушілікке оқиды. Оны тәмамдағаннан кейін ауылда бір жылдай тракторшы болып жұмыс істейді. Қайда жүрсең де туыс туғанның орны ерекше ғой. Осыны ойлаған анасы 1970 жылы баласы Серік екеуі Май ауданында тұратын нағашысының қасына көшіп келеді. Бір жағынан нағашы жұртына иек сүйей, ерінбей еңбек етеді. 1975 жылы әскери борышын өтеуге аттанады. Адамның мінезін қатайтып, үлкен өмірге еркін бет бұрғызатын бірден-бір сынақ – әскери өмір. Әскерден келгеннен кейін бірден отау көтеріп, жауап-ты өмірге қадам басқан Серік сол ауылда он жылдай тракторшы болып еңбек етеді. Екібастұз қаласындағы үлкен кәсіпорындардың біріне тұрақты жұмыс істесем деген оймен 1987 жылы кенді қалаға біржола қоныс аударады. Қолынан іс келетін азаматқа қай жерде болса да жұмыс табылады ғой. «Богатырь Көмір» кенішінің басшылары Серіктің құжаттарын көргеннен кейін оны кеніштің оңтүстік бөлігіне теміржолшы етіп қабылдайды. Айтарға оңай болғанымен бұл жұмыстың да



қиындығы көп. Өйткені қыстың қақаған аязы мен жаздың шіліңгір ыстығында темір жолды жағалап жүруді кейбір адамның денсаулығы көтермейтіні де шындық.

Серік Төлеубайұлы теміржолда табандап үш жыл істегеннен кейін қысқа мерзімді курста оқып, экскаватордың тізгінін ұстайды. Қазіргі жұмысы бұрынғымен салыстырғанда едәуір жеңіл. Алайда теміржолшылардың жұмысы бір-біріне байланысты. Бірінсіз екіншісінің жұмысы жүрмейді.

Міне, ол ширек ғасырдан астам уақыт өз жұмысын адал атқарумен келеді. Құрметті зейнеткерлік жасқа шығатын уақыт та алыс емес. «Алла жазса, өкі жылдан кейін еңбегімнің зейнетін көремін. Немере бағу – үлкен бақыт. Одан артық қуаныш бар ма?», – дейді Серік аға.

Жұбайы Хадиша екеуі инабатты үш қыз өсіріп, олардан төрт жиен-немере сүйді. Тұңғышы Айша осы қаладағы май құю бекеттерінің бірінде істесе, Қарлығаш пен Гүлдана Алматы қаласында тұрады.